

## ОҚЫТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша оқу мерзімдері

Академиялық сағаттар саны	Күнтізбелік күндер саны (демалыс және мереке күндерін қоса алғанда)	Күніне ұсынылған оқу уақыты (сағатпен)
72 сағат	15	4-5 1 академиялық сағат-45 минут
40 сағат	8	4-5 1 академиялық сағат-45 минут

### Қадам 1. ӨТІНІМДІ ТОЛТЫРУ

Өтінімді беру [sprr.kz](http://sprr.kz) порталда сіздің кәсіби қызметіңізге сәйкес тиісті бөлімде сізге қажет білім беру бағдарламасын таңдау арқылы біліктілікті арттыру айдары арқылы жүзеге асырылады. Сіздің электрондық поштаңызға өтінім жібергеннен кейін оқыту шарттары мен технологиясы бойынша ақпараттық хат келіп түседі.

### Қадам 2. КЕЛІСІМ ШАРТ ЖАСАСУ

Ол үшін сайттың басты бетіндегі келісім шартты жүктеп алу, 1-қадамға сәйкес барлық қажетті деректерді басып шығару, толтыру, қол қою, сканерлеу және [sprr.kz@mail.ru](mailto:sprr.kz@mail.ru) мекен жайы бойынша электрондық поштасыға жіберу қажет

### Қадам 3. ОҚУ КУРСЫН ТӨЛЕУ

Төлемді банктің кез келген бөлімшесінде немесе «Қазпочта» АҚ бөлімшелері арқылы, шартта Орындаушы өрісінде немесе сайттың басты бетінде төлем нысаны бөлімінде көрсетілген есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен жүргізуге болады.

### Қадам 4. ЖЕКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК АЛУ

Төлем жүргізілгеннен кейін Сіздің электрондық пошта мекенжайыңызға жүйеге кіруге арналған дербес деректер (Логин және Пароль) келеді.

### Қадам 5. ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕГІ ЖҰМЫС

Жеке кабинеттегі жұмыс мынадай технология бойынша жүзеге асырылады: оқу материалын оқу мерзімі ішінде зерделеу.

Сіз өзіңіздің білім беру бағдарламаңыз бойынша жеке кабинетте ұсынылған барлық оқу-әдістемелік материалдарды өзіңіз оқып үйренесіз. Материалдармен сіз өзіңізге ыңғайлы кез келген уақытта таныса аласыз. Институт басшылығы сіздің күнделікті порталға кіруіңізді бақыламайды. Материалдың құрылымы:

А) ДӘРІСТІК МАТЕРИАЛ. Бұл модуль оқуға міндетті және Microsoft Word форматындағы дәріс кешенін қамтиды.

Б) ПРЕЗЕНТАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛ. Бұл модуль танысуға ұсынылған және Microsoft Power Point форматындағы презентациялық материалдарды қамтиды.

В) БЕЙНЕМАТЕРИАЛ. Бұл модуль таныстыруға ұсынылған және сіздің кәсіби қызметіңіздің ерекшелігі бойынша түрлі бейнематериалдардан тұрады

Г) ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ. Бұл модуль танысуға ұсынылады және сіздің кәсіби қызметіңізде пайдалы болуы мүмкін әртүрлі ақпаратты қамтиды (әдіс. нұсқаулар, рефераттар, ережелер және тағы басқалар).

Әсіресе, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру шеңберіндегі барлық білім беру бағдарламаларында В) және Г) модульдері жоқ екенін атап өткен жөн. Мұның бәрі оқытылатын пәннің немесе оқу бағдарламасының ерекшелігіне байланысты. А) және Б) модульдері – міндетті және әрбір білім беру бағдарламасында бар.

Өздік жұмысты (практикалық тапсырмаларды) орындау.

Тапсырмалар сіздің кәсіби қызметіңізде пайдалы болуы мүмкін білімді игеру және практикалық мәселелерді шешу мақсатында ғана орындалады. СӨЖ сіздің оқу мерзіміңізге есептелген. СӨЖ материалдарын институтқа жіберудің қажеті жоқ.

Байқау және қорытынды тестілеуден өту.

Сіз өзіңіздің біліміңізді тексеру және қорытынды тестілеуге дайындық мақсатында оқу мерзімі ішінде уақыт пен сынақ шектеусіздігі негізінде сынақ тестілеулерден өте аласыз. 20 тест сұрақтарынан тұрады. Қорытынды тестілеу оқу кестесіне сәйкес соңғы күні өткізіледі. Сізге 3 сынақ берuledі. Әр сынақ 30 минут. Тестілеуді сайтта онлайн-режимде өту керек.

## **Қадам 6. БЕЛГІЛЕНГЕН ҮЛГІДЕГІ ҚҰЖАТ БЕРУ**

Қорытынды тестілеуді сәтті тапсырғаннан кейін (20 балдан кем дегенде 12 балл жинап) сіздің электрондық пошта мекенжайыңызға сертификат түседі.

### **ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Оқытушымен кеңес оқыту кестесіне сәйкес жүргізіледі.

2. Сіз оқу кестесін қатаң сақтауыңыз керек. Тестілеуден мерзімінен бұрын өтуге институт басшылығымен келісілген жағдайда ғана жол беріледі.

3. Егер тыңдаушының Enternet желісіне кіру мүмкіндігі болмса, онда оқу материалы көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.